

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

**ХАТТАМА №2**

2023 жылғы 27 казан

Жаңаөзен ауылы

**Директор жаңындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі,  
мектеп психолог, пән мұғалімдері.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ**

1. Тәрбие құндылықтарын пәндік мазмұн арқылы іске асыру
2. 1-4 сынып бойынша математика сабактарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары
3. Көркем еңбек, бейнелеу өнері пәннің берілуі
4. Токсан бойынша жиынтық бағалау корытындысы
5. ҰБТ-га дайындық жұмыстарының жай – күйі

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша ТІМ Г.Ж.Тагаева тындалды. 2023-2024 оқу жылында мектепшілік тәрбие жұмыстары бойынша өткізілетін іс шаралар туралы атап кетті. Биылғы жылдағы атаулы құндер негізінде атқарылатын жұмыстарды таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша түсіндірме және талқылау жұмыстары туралы айтылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл күжатта білім беру үйімдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында калыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелуе мақсаты көзделеді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адаптация, саналы, жасамназ азаматты тәрбиелуе. Міндеттері: Ата-ананың осиетін тындауга, отбасы татулығы мен берекесін кадірлеуге, перзенттік парызын отеүге тәрбиелуе. Сабак жоспарын жазған кезде, сабак мақсаттарына міндетті түрде тәрбие құндылықтарын енгізу. Пәндік мазмұнда отбасылық құндылықтар, т.б. тәрбие құндылықтарын енгізу.

**2-ші сұрақ бойынша ОІМ Д.Б.Унусаева сөз кезегін алды.** 1-4 сынып бойынша математика сабактарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бойынша сабактарға қатыстым. 3-4 сынып оқушыларынан математикалық сауаттылық бойынша бақылау жұмысы алынды. Бұл сыныптар жақсы көрсеткіш көрсете білді. Бақылау жұмыстарын 45 оқушы орындаады. Жоғарыда аталған сыныптар бақылау жұмыстары бойынша 71.1 % көрсете алды. 1-2 сыныптардың математика сабактарына қатыстым. 1-ші сынып оқушыларымен косымша сабактар жүргізілу керектігі пән мұғалімдеріне ескертілді. Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жакты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұракты қызығушылығы бар, алған білімді жан жақты қолдану деген сөз. Математика білім мазмұнының ең алғашкы бастамасы бастауыш буында жүзеге асатыны белгілі. Бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл

пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға талпынушылық, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезенде қаланады. Сонымен қатар, осы кезенде баланың белсенділігі, оның рухани жеңе дене күші де дами бастайды. Осы жасқа лайықты мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралау, бала жанына жақын карым-қатынас арқылы оларды дамыту керек екенін айтып отті.

Күн тәртібіндегі 3-ші сұрақ бойынша ОІМ **Д.Б.Унуспаева** сөйлемді. Мектепшілік бақылауда болған көркем еңбек, бейнелеу өнері пәндерінің жүргізілу сапасы бақыланды. Көркем еңбек пәні оқушылардың шыгармашылық қабілеттерін дамытуға, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін айтып отті.

Көркем еңбек пәнінде халықтың колонері, ою-өрнек түрлері, дизайн, витраж, мозайка құрастыру сияқты қызықты тақырыптар бойынша сабактар өткізді. Атап айтатын болсақ, көркемеңбек пәнінің мұғалімі Ж.Т.Бейсембінова «Көркем кестелеу. Кесте түрлері. Материалдар және құрал жабдықтармен танысу» тақырыбында фетермен ұлттық ою өрнектер бойынша жұмыс жасады. Сыныптағы оқушылар аса қызыгуышылықпен жұмыс жасады.

Көркем еңбекте шыгармашылық жұмыстарды орындау барысында казактың ұлттық мәдениет элементтерін пайдаланып, оқушылардың қызыгуышылығын арттыра білді. Қолөнердің түрлерін жасау оқушының эстетикалық талғамын, іскерлігін, еңбеккорлығын көрсетті. Қолөнер бұйымдарын оқушыларға жасату әсемдікке, сұлудың тәрбислеуге жол аша білді.

Көркем еңбек пәнінің ұлдар тобының мұғалімі Б.Г.Бейсенбінің сабагына да катыстым. Көркем еңбек сабағында мұғалім ұлттық оюлармен когамға қажетті колонер бұйымдарының сан алуан түрлерін өз қолдарымен жасап, оны өмір қажеттілігіне колдануға мүмкіндік жасай білді. Оқушыларды шыгармашылық жұмыс жасауда баули алды. Көркем еңбек пәнінде осылай алдагы уақыттарда жұмыс жүргізілсе, оқушыларда қолдың моторикасы да жаксы дамиды және еңбекке икемделе бастайды деп сенім білдіремін.

**4. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы.** Жиынтық бағалау – тоқсанды, оқу жылын, сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортак тақырыптарды) оқып аяқтаганнан кейін өткізді. Жиынтық бағалаудың екі түрі қаралды: БЖБ – бөлім/ортак тақырып бойынша жиынтық бағалау; ТЖБ – тоқсандық жиынтық бағалау. Бір тоқсандың бірнеше бөлім бар. Әр бөлім бойынша оқушының білімі мен біліктілігін тексеру үшін БЖБ алынады. Ол бақылау, практикалық немесе шыгармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шыгарма, тестілеу түрінде болуы мүмкін. БЖБ қандай форматта болатынын және тапсыру уақытын педагог өзі шешеді. БЖБ үшін максималды балл: 1-4 сыныптарда: кемінде – 7 балл, ең көп дегенде – 15 балл; 5-11 (12) сыныптарда: кемінде – 7 балл, ең көп дегенде – 20 балл. Оқу жүктемесі аптасына 1 сағат болса, БЖБ тоқсанына екі реттен артық болмайды. Ал қорытынды баға жартыжылдықта койылады. Негізінен БЖБ бір тоқсандың үш реттен артық өткізілмеуі керек. Бір тоқсандың төрт және одан да коп бөлімдер мен ортак тақырыптар өтсе, олар біріктіріледі. Күнделік KZ арқылы барлық ТЖБ мен БЖБ сараптамалары алынды. ТЖБ әр тоқсан аяғында алынады, бірақ тоқсанның соңғы күні өткізілген жоқ. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізілген жоқ. Бір пәннен БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмеді. 10-11-сыныптарда "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Графика және жобалау" оқу пәндерінен басқа пәндерден жиынтық бағалау алынды. Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 10-11-сыныптардың пәндерінен БЖБ мен ТЖБ өткізілмеді, және оқу жылының соңында "есептелінді" не "есептелінген жоқ" деген белгі жазылды. Вариативті компонент есебінен таңдалған 7-9-сыныптардағы оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында "есептелінді" не "есептелінген жоқ" деген белгі жазылды. Педагогтар формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын оқушылар откен

материалдарды қамти отырып әзірлегені. Тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тындалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша жүргізілді. ТЖБ өткізер алдында педагогтер тапсырмалардың оку мақсаттарына сәйкестігін, тапсырмалар көлемін, тапсырмаларды орындауга арналған иұсқаулықтарды, орындалу уақытын талқылап отырды.

Окүшылардың оку үлгерімін объективті бағалау үшін дау туындаған жок. Үйде оқытын окүшыларды бағалау үшін мұғалім олардың оку жүктемесі мен өткен оку материалын ескере отырып, сарапанған немесе жеке тапсырмаларды әзірленді. Ерекше білім беруді қажет ететін окүшыларды бағалау кезінде де мұғалім солай жасаған, сонымен бірге окүшының ерекшеліктерін ескере отырып бағалау өлшемшарттарына өзгерістер енгізген. Келесі сұралк бойынша ОИМ К.Т.Ашимханов баяндады. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай – күйі туралы қысқаша айтып өтті.

11 «А,Ә» сыныптарының пәндер бойынша Ұлттық бірынғай тестке дайындық жұмыстары мен пәндердің оқытылу жағдайы, пәндердің білім сапасына анализдер жасалды. Кесте бойынша жеке пәндердің сапа көрсеткішін жасап көрсетті. Тексеру кезінде пәндер бойынша окүшылармен аткарылған жұмыстардың дұрыс жүргізілуі туралы да айтып кетті. ҰБТ баратын окүшылардан екі рет тест алынады. Барлық пән мұғалімдерінде ҰБТ дайындық папкасы бар. Бөлім тарау бойынша тест жұмыстары жасалған. Тест жұмыстары уақытымен алынған, анализдері жасағанын айтып өтті.

Ұсыныс:

ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын күшейту, әр тоқсан бойынша толық талдау жасалу ұсынылды.

#### **Каралған сұралктар бойынша қабылданған қаулы:**

1. Тәрбие құндылықтарын пәндік мазмұн арқылы іске асыруда, ҚМЖ да арнайы беліміне назар аудару, сабакқа қатысу барысы кезінде мониторинг жүргізілсін.
2. 1-4 сыныптарда математика сабактарында окүшылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында есептер мазмұнын өзгерту, қосымша тапсырмалар әзірленсін.
3. Көркем енбек, бейнелеу өнері пәндерінің мазмұнында ұлттық құндылықтарға баса назар аударылып, окүшылардың эстетикалық тәрбиесіне баса назар аударылсын.
4. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысында, пән мұғалімдерінің ТЖБ, БЖБ тапсырмаларындағы өлшемшарттарды мұқият зерделенуі катан бақылауға алынсын.
5. ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын күшейту, әр тоқсан бойынша толық талдау жасалынын.

Төрага

Байгалиев К.С.

Хатшы

Мадыбаева А.О.



*Байгалиев  
Адай*